

Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланын ұйымдастыру техникасымен және кеңсе мүлкімен қамтамасыз етудің заттай нормаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2020 жылғы 27 қаңтардағы № 55 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 31 қаңтарда № 19965 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 69-бабының 2-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланын ұйымдастыру техникасымен және кеңсе мүлкімен қамтамасыз ету заттай нормалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының Бас қолбасшылығы (Р.Ф. Жақсылықов) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының Бас қолбасшысы генерал-лейтенант Р.Ф. Жақсылықовқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Ішкі істер Министрі

Е. Тургумбаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігі

2020 жылғы " " _____

Қазақстан Республикасы

Ішкі істер министрінің

бұйрығымен бекітілген

№	Заттай норманың атауы	Заттай норманың өлшем бірлігі	Сандық мәндегі норма	Пайдалану мерзімі (жыл)	Заттай нормалардың қолдану саласы	Заттай нормалардың анықтамасы мен қолданылуын нақтылайтын сипаттамасы
1	2	3	4	5	6	7
1-тарау. Ұйымдастыру техникасы						
1-параграф. Көшіру жабдығы						
1	Көшіргіш машиналар	дана	2	7	Ұлттық ұлан Бас қолбасшылығы (бұдан әрі – ҰҰБҚ) хатшылығының бөлімшелері мен өңірлік қолбасшылықтар (бұдан әрі – ӨңҚ) құпия бөлімшелерінің бір бөлінісі үшін	Құжаттардың, фотосуреттердің, суреттер бен қағаздағы екі өлшемді бейнелердің және басқа материалдардың көшірмелерін алуға арналған құрылғы.
2-параграф. Қосалқы жабдық						
2	Бұрғы	дана	1	5	ҰҰБҚ хатшылығының бөліністері, ҰҰ арнайы мемлекеттік мұрағаты (бұдан әрі – ҰҰ АММ), ӨңҚ, құрамалар, бригадалар, әскери бөлім (бұдан әрі ә/б) мен әскери оқу орындары (бұдан әрі – ӘОО) құпия бөлімшелерінің бөліністері үшін	Ойықтар бұрғылауға арналған. Істердің құжаттарын тігу және жаңалау үшін қолданылады.
3	Шаңсорғыш (компрессор)	дана	1	5	ҰҰ АММ, ӘОО.	Мұрағат сақтау орындары, мұрағат қораптары мен сақтау құралдарын шаңнан тазалау үшін.
4	Таразы	дана	1	5	ҰҰБҚ хатшылығының, ҰҰ АММ, ӨңҚ, құрамалар, бригадалар, ә/б мен ӘОО құпия бөлімшелерінің бөліністері үшін	Жөнелтілетін корреспонденцияның салмағын айқындау үшін.
2-тарау. Кеңсе мүлкі						
					ҰҰБҚ бір штаттық бір штаттық бірлігіне; ӨңҚ, құрама, бригада, ә/б, ӘОО, әскери медициналық мекеменің (бұдан әрі – ӘММ), жеке орналасқан бөлімшенің (бұдан әрі – ЖОБ) бір штаттық бірлігіне; дивизион, батальон, батарея, рота, взвод қолбасшылығының (командир мен оның орынбасарлары) бір штаттық бірлігіне; басшылық, комендатура, атыс алаңы, спорт командасы, оркестр, ансамбльдің	

5	Латуньян жасалған пломбалағыш	дана	1	15	бір штаттық бірлігіне; орталық, койма, сақтау базасы, кафедра (факультет), редакция, баспахана, бейнестудия, мұражай, мұрағат, торап, клуб, кітапхананың бір штаттық бірлігіне; шеберхана, зертхана, аппараттық станция бастықтарына; әскери госпиталь, лазарет, емхана, медицина пункті, әскери-дәрігерлік комиссия (бұдан әрі – ӘДК), санитариялық-эпидемиологиялық орталық (бұдан әрі - СЭО), дәріхана дәрігерлері мен орта медициналық персоналының бір штаттық бірлігіне); ҰҰБҚ, ӨңҚ бойынша жедел кезекшілер мен көмекшілерінің, құрама, бригада, ә/б, ЭОО, ЖОБ, бақылау-техникалық пункт (бұдан әрі – БТП), бақылау-өткізу пункті (бұдан әрі – БӨП), байланыс, штаб бойынша кезекшілер мен көмекшілердің бір лауазымды адамына және техникалық сүйемелдеу қызметінің (бұдан әрі – ТСК) операторларына.	Қызметтік кабинеттердің есіктеріне сүргі соғу және сургуч үшін.
6	Эвакуациялау ыдысы (қаптар)	дана	10	5	ҰҰБҚ хатшылығының, ҰҰ АММ, ӨңҚ, құрамалар, бригадалар, ә/б мен ЭОО құпия бөлімшелерінің бөліністері үшін	Пломбылау (кесінді) құралдарымен және брезент маталы тасымалдау тұтқаларымен жабдықталған құжаттарды эвакуациялау үшін.
7	Елтаңбалы мөрлер	дана	4	7	ҰҰБҚ хатшылығының, ҰҰ АММ, ӨңҚ, құрамалар, бригадалар, ә/б мен ЭОО құпия бөлімшелерінің бөліністері үшін	Шығарылатын нормативтік құқықтық актілердің (құжаттар) түпнұсқалылығын растау үшін.
8	Мөрлер	дана	14	7	ҰҰБҚ хатшылығының, ҰҰ АММ, ӨңҚ, құрамалар, бригадалар, ә/б мен ЭОО құпия бөлімшелерінің бөліністері үшін	Шығыс, кіріс корреспонденцияны және басқа құжаттарды растау үшін.
9	Мөртабандар	дана	46	7	ҰҰБҚ хатшылығының, ҰҰ АММ, ӨңҚ, құрамалар, бригадалар, ә/б мен ЭОО құпия бөлімшелерінің бөліністері үшін	Құжаттарды есепке алу және жөнелту үшін.
10		дана	1	10		Сөрелерде мұрағаттық құжаттар

	Мұрағаттық қорап А4				3-4 іске. ҰҰ арнайы мемлекеттік мұрағаты, ӘОО	мен істерді сақтау үшін.
11	Мұрағаттық қорап А3	дана	1	10	3-4 іске. ҰҰ арнайы мемлекеттік мұрағаты, ӘОО	Сөрелерде мұрағаттық құжаттар мен істерді сақтау үшін.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ